

**Н. К. Бөлекбай, 3-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: А. Б. Жұмашева, арнайы құқықтану пәндер (циклдік)**  
**комиссиясы оқытушысы**  
**(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіндегі**  
**экономика, бизнес және құқық колледжі)**

## **ТЕРРОРИЗМ — ҒАСЫР ДЕРТІ**

Терроризм (лат. terror — қорқыныш, үрей) — саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану; ұғым XVIII ғасырда ұлы француз төңкерісі кезінде якобиндықтар жүргізген репрессиялық саясатты атауда қолданылды.

Қазірдің өзінде терроризмді «XXI ғасыр обасы» деп атауға болады, өйткені ол өзінің күйретуші күші жағынан осы аурумен теңдес. Статистика бойынша екі күннің бірінде лаңкестік әрекет жасалып, оның нәтижесінде кінәсіз адамдар қаза болуда. Жыл сайын лаңкестік әрекеттер саны өсуде. Қатыгездік өсіп, құрбандар саны көбейіп жатыр. Лаңкестердің дайындығы мен ұйымшылдығы жақсаруда. Келесі лаңкестік әрекет өткен әрекеттен әрдайым үрейлі.

Терроризм — халықаралық сипатқа ие болған, қазіргі замандағы ең қауіпті қылмыстардың бірі.

Таңдап алынған тақырыптың көкейкестілігі біздің өміріміздің осындай шындығымен анықталған. Лаңкестік өз көрінісінің қандайда болмасын түріндегі көлемінің болжауға келмейтіндігімен ерекшеленеді. Бір жағынан адамзат XXI ғасырға бірге аттанған қауіпті қоғамдық-саяси және өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

1999 жылғы шілдеде республикада терроризмге қарсы күрестің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, мемлекеттік органдардың және барлық меншіктік нысандарындағы ұйымдардың қызмет тәртібін, сондай-ақ терроризмге қарсы күресті жүзеге асырумен байланысты азаматтардың құқықтарын, міндеттері мен кепілдіктерін айқындайтын «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заң қабылданды.

2003 жылғы желтоқсанда Президенттің Жарлығымен терроризмнің және діни экстремизмнің көріністерімен күресте барлық қауіпсіздік қорғау құрылымдарының неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы күрес орталығы құрылды және оған барлық арнайы құрылымдардың, құқық қорғау органдарының және өзге де ведомстволардың қызметін үйлестіру жүктелді.

2006 жылғы қазанда ҚР Бас Прокурорының мәлімдемесі бойынша ҚР Жоғарғы Сотымен «Әл-Каеда», «Шығыс Түркістан ислам партиясы», «Күрд халықтық конгресі», «Өзбекстан ислам қозғалысы», «Әсбат — әл-Ансар», «Мұсылман бауырлары», «Талибан» сияқты халықаралық ұйымдар мени қозғалыстар террористік деп танылып, олардың Қазақстан территориясындағы қызметіне тыйым салынды.

Көріп отырғанымыздай, аталмыш «қара тізімге» енгізілген барлық ұйымдар халықаралық террористік құрылымдар болып табылады, олардың қызметі көбінесе Қазақстанның айналасына, көрші елдерге қарсы бағытталған болатын. Бұл жағдай олардың бізден гөрі сыртқы елдерге төніп тұрған қауіп-қатер екенін растағандай болды. Осы тұрғыда Қазақстан ТМД Терроризмге қарсы күрес орталығы, Шанхай Ынтымақтастық ұйымы Терроризмге қарсы аймақтық құрылымы сияқты ұйымдардың мүшесі бола отырып, терроризм мен

экстремизмге қарсы күрес желісінде халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамыты және дамытып келеді. Соңғы уақытқа дейін терроризм қоғамның күн тәртібінде алыстағы қауіп-қатердің бір бұлыңғыр елесі сияқты қабылданып келді. Алайда өткен жылдың қайғылы оқиғалары Қазақстан халқын дүр сілкіндірді.

2009 жылдан бастап ҚР ҚК-де 168-бап «Билікті зорлықпен басып алу», 233-бап «Терроризм», 233-1-бап «Терроризмді не экстремизмді насихаттау немес терроризм не экстремизм актісін жасауға жария түрде шақыру, 233-2-бап «Террористік топ құру, оған басшылық ету және оның қызметіне қатысу» сияқты баптар енгізілді.

Бұл қылмыспен күрес жүргізу үшін келесі жағдайларды ұсынамыз: құқықтық базаның жетілдірілуі, арнайы қызмет органдары арасындағы өзара әрекеттестікті күшейту, терроризм мәселесімен айналысатын арнайы қызмет органдары қызметкерлерінің санын арттыру және оларды техникамен қамтамасыз ету, террористік қылмыстардың алдын-алу шараларын күшейту, террористік қауіп — қатерлердің алдын алу әдістерін жетілдіру қажет, стратегиялық инфрақұрылым объектілерін, сондай-ақ мемлекеттік маңызы бар басқа да объектілерді ғана қорғауға ерекше ден қоймай, сонымен қатар терроризмнің салдарынан болған төтенше жағдайларда тұрғындарды да қорғауға бағытталған шараларды да қатар күшейту керек.